

"Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2024 жылғы 3 мамырдағы № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 6 мамырда № 34342 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті мансап орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жұмыс іздеуші адамдарға, жұмыссыздарға, тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдарға, қандастарға, оқудан бос уақытта студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) www.egov.kz "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал);

3) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) (www.enbek.kz) арқылы жүзеге асырылады.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Көрсетілетін қызметті алушы халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге не Порталға немесе Электрондық еңбек биржасына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беру арқылы жүгінеді.";

7-тармақтың бірінші және екінші бөліктері алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынғанда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қарау нәтижелері бойынша олар мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесіне сәйкес келген жағдайда, адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға тиісті жолдаманы:

- осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес кәсіптік оқытуға жолдаманы;
- осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес субсидияланатын жұмыс орнына жолдаманы ;

- осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес қоныс аударуға жолдаманы қалыптастырады.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 5-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 8-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 11-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 6, 7, 9 және 10-қосымшалар алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2

) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

2024 жылғы 3 мамырдағы
№ 129 бұйрыққа
1-қосымша
"Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысуға
жолдамалар беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

	_____ ауданының (қаланың) мансап орталығының директорына

	_____ мекенжайы бойынша тұратын
_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	

Өтініш

Маған кәсіптік оқытуға; субсидияланатын жұмыс орнына (қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, "Алғашқы жұмыс орны", "Ұрпақтар келісімшарты" және "Күміс жас"), қоныс аударуға (керегінің астын сызу) жолдама беруді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін. _____

Күні қолы

кесу сызығы

Азамат _____ өтініші 20__ жылғы "___" _____
_____ қабылданды, № _____ болып тіркелді, құжаттарды қабылдаған адамның
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы

қолы: _____

_____ Күні қолы

2024 жылғы 3 мамырдағы
№ 129 бұйрыққа
2-қосымша
"Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысуға
жолдамалар беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
2-қосымша

**"Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру"
мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мансап орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www.egov.kz "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал); 3) Электрондық еңбек биржасы (www.enbek.kz).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні;
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға адамдарға жолдама беру, олар мыналарды қамтиды: осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес кәсіптік оқытуға жолдама; осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес субсидияланатын жұмыс орнына жолдама; осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес қоныс аударуға жолдама

		беру немесе осы тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;</p> <p>2) Порталда және Электрондық еңбек биржасында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы: көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш пен мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>кәсіптік оқытуға жолдама алу үшін:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);</p> <p>2) еңбек кітапшасы (бар болса);</p> <p>3) білімі туралы құжат (аттестат, куәлік, диплом, сертификат) (бар болса);</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама; субсидияланатын жұмыс орнына жолдама алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2) еңбек кітапшасы (бар болса);

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар екенін растайтын құжат (жастар практикасына немесе " Ұрпақтар келісімшарты" жобасына қатысу үшін).

Қоғамдық жұмыстарға қатысқысы келетін он алты жас пен он сегіз жас аралығындағы студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары өтінішпен қоса ата-анасының бірінен немесе заңды өкілдерінен жазбаша келісімін қоса береді.

Жеке басты куәландыратын құжат пен деректер "Еңбек нарығы" ААЖ енгізілгеннен кейін құжаттар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады;

Порталға немесе Электрондық еңбек биржасына:

мемлекеттік қызмет көрсету үшін – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат алу үшін – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық

		<p>қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.</p> <p>Жеке басты куәландыратын құжаттың, еңбек қызметін растайтын құжаттың, білім туралы құжаттың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті беруші "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші цифрлық құжаттарды Порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болғанда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік пароль беру арқылы немесе Портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабар жіберу арқылы алады.</p>
9	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін айқындау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына</p>

		<p>сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы;</p> <p>5) кәсіптік оқытуға жолдама беру үшін Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 109-бабының 4-тармағы;</p> <p>6) субсидияланатын жұмыс орындарына жолдама беру үшін Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 111-бабының 7-тармағы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар</p>	<p>Цифрлық құжаттардың сервисі мобильдік қосымшада авторланған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдаланып, мобильдік қосымшада авторланудан өту қажет, одан кейін "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, керек құжатты таңдау қажет.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және статусы туралы ақпаратты Порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алады.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: "1414".</p>

3-қосымша
"Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысуға
жолдамалар беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабын басшылыққа ала отырып көрсетілетін қызметті беруші

Көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы

Сіздің тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

мансап орталығының директоры:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

Алдым: _____

Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/ қолы

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____. Мөрдiң орны (бар болса)

2024 жылғы 3 мамырдағы
№ 129 бұйрыққа
4-қосымша
"Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысуға
жолдамалар беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Білім беру ұйымына кәсіптік оқытуға № _____ жолдама

Азамат _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Білім беру ұйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны
20__ " __ " _____ бастап 20__ " __ " _____ дейін __ ай мерзімге кәсіптік оқытуға жіберіледі.

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Берілген күні Мөрдiң орны (бар болса)

кесу сызығы

Кәсіптік оқытуға жіберiлген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде білім беру ұйымы мансап орталығына қайтарады

№ __ жолдамаға хабарлама

Білім беру ұйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны
азамат _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20__ жылғы " __ " _____ № __ бұйрыққа сәйкес _____

Біліктілік (дағды) атауы

біліктілігі (дағдысы) бойынша 20__ жылғы " __ " _____ дейін __ ай мерзімге кәсіптік оқытуға қабылданғанын хабарлайды.

Білім беру ұйымының жауапты өкілі:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Берілген күні

Мөрдiң орны (бар болса)

2024 жылғы 3 мамырдағы
№ 129 бұйрыққа
5-қосымша
"Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысуға
жолдамалар беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуға № _____ жолдама

Азамат _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жұмыс берушінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны
20__ " __ " _____ бастап 20__ " __ " _____ дейін __ ай мерзімге кәсіптік оқытуға жіберіледі.

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Берілген күні

Мөрдiң орны (бар болса)

кесу сызығы

Кәсіптік оқытуға жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші мансап орталығына қайтарады

№ __ жолдамаға хабарлама

Жұмыс берушінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны

азамат _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20__ жылғы " __ " __ № __ бұйрыққа сәйкес _____

Біліктілік (дағды) атауы

біліктілігі (дағдысы) бойынша оқу кезеңіне 20__ жылғы " __ " _____ дейін _____ ай мерзімге жұмысқа қабылданды.

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

Жұмыс берушінің жауапты өкілі:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Берілген күні

Мөрдiң орны (бар болса)

2024 жылғы 3 мамырдағы
№ 129 бұйрыққа
6-қосымша
"Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысуға
жолдамалар беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Субсидияланатын жұмыс орнына № _____ жолдама

Жұмыссыз, студент және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушысы, тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адам (керегінің астын сызу)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ дейін ____ ай мерзімге

Кәсіп/мамандық атауы

мамандығы (кәсібі) бойынша субсидияланатын жұмыс орнына: қоғамдық жұмыстар , әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, "Алғашқы жұмыс орны", "Ұрпақтар келісімшарты" және "Күміс жас" жобасы (керегінің астын сызу) жұмысқа орналасу үшін

Жұмыс берушінің атауы, заңды мекенжайы, байланыс телефоны жіберіледі.

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Берілген күні

Мөрдің орны (бар болса)

кесу сызығы

Жұмысқа орналасу үшін жолдама берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші мансап орталығына қайтарады

№ __ жолдамаға хабарлама

Жұмыс берушінің атауы

20__ жылғы " __ " _____ жасалған № _____ еңбек шартына
(20__ жылғы " __ " _____ № _____ бұйрық) сәйкес азамат

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Лауазым атауы

ретінде 20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ дейін ____ ай мерзімге субсидияланатын жұмыс орнына жұмысқа орналасу мерзімімен субсидияланатын жұмыс орнына қабылданды.

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

Жұмыс берушінің жауапты өкілі: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Берілген күні
Мөрдiң орны (бар болса)

2024 жылғы 3 мамырдағы
№ 129 бұйрыққа
7-қосымша
"Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудiң белсендi
шараларына қатысуға
жолдамалар беру" мемлекеттік
қызметiн көрсету қағидаларына
11-қосымша

Нысан

Қоныс аударуға № _____ жолдама

Азамат _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН
өңірлік комиссияның 20 __ жылғы " __ " _____ № _____ шешіміне сәйкес

Елді мекеннің/ауданның/облыстың атауы
тұру және _____

Кәсіп/мамандық атауы
мамандығы (кәсібі) бойынша жұмысқа орналасу үшін жіберіледі.
Онымен бірге: _____

Өтініш берушіге туыстық қатынасы/тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
қоныс аударады. _____

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Берілген күні
Мөрдiң орны (бар болса)

кесу сызығы
Көрсетілетін қызметті берушіге қайтарылады

№ _____ жолдамаға хабарлама

Қоныстанған облыстың ауданының/қаласының мансап орталығы

Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20 __ жылғы " __ " _____ жасалған № _____ әлеуметтік келісімшартқа сәйкес
(20 __ жылғы _____ № _____ бұйрық) ерікті түрде қоныс аударуға қатысушы болып
табылады және оған

Елді мекеннің/ауданның/облыстың атауы

Жұмыс берушінің атауы мекенжайы, байланыс телефондары
кейіннен жұмысқа орналасумен тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, жатақханадан
бөлме, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу
бойынша шығыстарды өтеуге субсидия беріледі (керегінің астын сызу).

Қабылдау өңірінің мансап орталығының директоры:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Берілген күні

Мөрдiң орны (бар болса)